

Ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарына жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 2009 жылғы 22 сәуірдегі № 138 шешімі. Қостанай облысы Қамысты ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 21 мамырда № 9-11-92 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 2014 жылғы 6 тамыздағы № 227 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 06.08.2014 № 227 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және өз әрекетін 01.01.2014 бастап туындайтын қатынастарға таратады).

Ескерту. Тақырыбы өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 31.10.2013 № 155 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 238-бабының 2-тармағын, Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 4-тармағын орындау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Қамысты аудандық мәслихаты

ШЕШТІ:

1. Аудандық бюджет қаражаты есебінен ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарына жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 31.10.2013 № 155 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім оны алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

кезекті сессиясының төрайымы

мәслихатының хатшысы

Аудандық мәслихаттың

С. Қыстаубаева

Қамысты

Б. Рақымжанов

аудандық

КЕЛІСІЛДІ

*"Қ а м ы с т ы а у д а н ы н ы ң
э к о н о м и к а ж әне б ю д ж е т т і к
ж о с п а р л а у б ө л і м і" м е м л е к е т т і к
м е к е м е с і н і ң б а с т ы ғ ы*

К. Нұржанова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК